

Ғылыми кеңесші, техника ғылымдарының докторы,
профессор Какимов Айтбек Калиевичтің
6D073500 – «Тағам қауіпсіздігі»
мамандығының PhD – докторанты
Муратбаев Алибек Манарбековичке
ШКІРІ

А.М. Муратбаев 2017-2020 жылдары PhD докторантурада 6D073500 – «Тағам қауіпсіздігі» мамандығы бойынша оқыды. Муратбаев А.М. докторантурада оқуын аяқтап, «Капсулаланған биологиялық белсенді қоспаларды қолданып өндірілген, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тәжірибелік аспектілері» тақырыбына диссертациялық жұмысты орындады. Шетелдік кеңесшісі «Федералдық Алтай агробиотехнологиялық ғылыми орталығы» ФМБҒМ профессоры, т. ғ. д. Майоров А. А. Диссертация бойынша зерттеулерді орындау барысында Муратбаев А. М. Кемерово мемлекеттік университетінде (Кемерово қаласы, Ресей Федерациясы) ғылыми тағылымдамадан өтті.

А.М. Муратбаев биологиялық белсенді қоспаларды капсулалау бойынша зерттеулер жүргізді, сондай-ақ капсулаланған биологиялық белсенді қоспалары бар сүтқышқылды сусынының технологиясын әзірледі. Қауіпті факторды рұқсат етілетін деңгейге дейін жою немесе төмендету үшін сыни шектер, мониторинг жүйелері және түзету іс-шаралары айқындалды. Өнімді өндіру кезінде шикізат пен дайын өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бақылау картасын әзірледі.

Диссертациялық жұмыс «Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, шикізат пен өнімді қайта өңдеу» басым бағыты, «Шикізат пен өнімді терең өңдеу технологиялары» басым алды бағыты бойынша «Сүт өнімдерін өндіруде иммуномодуляциялық белсенділігі бар капсулаланған синбиотикалық препараттарды пайдаланудың ғылыми-практикалық негіздемесі» тақырыбы бойынша ҚР БҒМ қаржыландыратын ғылыми грант аясында (2015-2017 жж., мемлекеттік тіркеу № 0115PK01199) және «Азық-түлік қауіпсіздігінің өңірлік мониторингі негізінде сүт және сүт өнімдеріндегі жоғары кумулятивті ксенобиотиктерді анықтау үшін биосенсор әзірлеу» (2021-2023 жж., мемлекеттік тіркеу № 0121PK00500) аясында орындады.

Тамшылы және шашырату әдісі арқылы жұмыс істейтін екі қондырғы жасалды және Қазақстан Республикасының пайдалы моделіне патент алынды.

А.М. Муратбаевтың диссертациялық жұмысы өзекті, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар екенін атап өткім келеді. Докторанттың диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік зерттеулері 20 ғылыми еңбекте, оның ішінде Scopus халықаралық базасына кіретін журналдарда 3 мақала, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда 5 мақала, халықаралық конференция материалдарында 2 мақала, алыс шетел халықаралық конференциясы материалдарында 2 мақала, ҚР басқа ғылыми басылымдарында 2 мақала, 1 монография, 1 аналитикалық шолу, 4 патентте көрініс тапты. Капсулаланған биологиялық белсенді қоспасы бар сүтқышқылды сусынның технологиясын өнеркәсіптік апробациялау Семей қаласы «Қалиқанұлы» шаруа қожалығы базасының сүт цехында, тамшылы және шашырату әдісі арқылы жұмыс істейтін қондырғыларды апробациялау «Қазақ қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Семей филиалында жүргізді.

Муратбаев Алибек Манарбековичтың «Капсулаланған биологиялық белсенді қоспаларды қолданып өндірілген, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тәжірибелік аспектілері» тақырыбындағы диссертациясында алынған нәтижелердің көлемі, орындау деңгейі, анықтылығы және ғылыми-практикалық маңыздылығы бойынша ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын PhD философия докторы ғылыми дәрежесін берудің барлық талаптарына сай жауап береді деп санаймын. Докторант 6D073500 – «Тағам қауіпсіздігі» мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық.

Ғылыми кеңесші техника ғылымдарының докторы, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, «Технологиялық жабдықтар және машина жасау» кафедрасының профессоры

А.К. Какимов

